



# АЛАТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№29(39) 19 шілде 2024 жыл

Аудандық ардагерлер ұйымдарында

## БЕЛСЕНДІЛІК БІРЛІКKE ЖЕТЕЛЕЙДІ

Райымбек аудандық ардагерлер ұйымының жас ұрпаққа тәлімді тәрбие беріп, оларды ұлттық салт-дәстүрді, отбасылық құндылықтарды құрметтеуге, адамгершілікке, имандылыққа баулуда жылдық жоспары бойынша тиісті жұмыстарды жүзеге асыруда.



Атап айтсақ, 18 қаңтар күні Нарынқол ауылындағы Т. Жанұзақов атындағы орта мектепте жоғары сынып ұлдарының әкелерімен «Әке көрген оқ жонар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Ақпан айында Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай Нарынқол ауылында Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Шара соңында Ауған соғысының ардагерлеріне аудандық ардагерлер ұйымының Алғыс хаттары тапсырылып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ақпан айында Нарынқол ауылындағы Б. Соқпақбаев атындағы мектеп-гимназияда «Патриотизм - ұлттық рухтың асқақ белгісі» тақырыбында ардагерлер жоғары сынып оқушыларымен кездесіп, нақты деректер келтіре отырып, жас ұрпаққа елжандылық, отансүйгіштік қасиеттер туралы мазмұнды әңгіме айтты.

Сонымен қатар Қақпақ ауылындағы «Жәменке» орта мектебінде «Ер бала тәрбиесі – елдің мәселесі» тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен дөңгелек үстел басындағы кездесуде ер баланы тәрбиелеудегі аналардың еңбегі жайлы айтылып, ақ жаулықты аналардың ел дамуындағы елеулі еңбектерін атап өтіп, батыр аналардың қандай құрметке болсын лайық екендігін, оларды қадірлеу бүгінгі ұрпақтың мерейлі міндеті екенін алға тартты.

Сәуір айында Қайнар ауылындағы «Қайнар» орта мектебінің жоғары сынып ұлдарының әкелерімен «Әке - асқар тау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Жергілікті жерлерде ақсақалдар, ардагерлермен бірлесе отырып жастар тәрби-

болатын. Осыған байланысты «Алатау жастары» жастар ұйымын аудандық ардагерлер кеңесінің жанынан құру мақсатында жиын өтті. Жиынға ауылдық округтерден ақсақалдар, аналар кеңестерінің төрайымдары, мешіт имамдары, жастар қатысты. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Бірбаев «Алатау жастары» жастар ұйымының төрағалығына Рай-



ымбек ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының директоры, аудандық мәслихаттың депутаты Ғабиден Данияр Дүйсенұрұлын ұсынды. Жиналысқа қатысушылар тарапынан ұсыныс бірауыздан қолдау тауып, оны ұйым төрағасы болып сайлады.

Сәуір айының соңғы күндері Нарынқол ауылында 1986 жылы 26 сәуірде Украина еліндегі Чернобыль атом электр станциясында кенеттен болған жарылыс адамзат баласына зор қауіп төндіріп, экологиялық зардаптар әкелгені белгілі. Қазіргі уақытта Райымбек ауданында Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқан 13 жауынгер-ардагер бар. Отан

дагерлеріне аудан әкімінің Алғыс хаты тапсырылды. Сонымен қатар кездесуде аудандық мәслихаттың төрағасы Мүсірбаев Самат Сартаубайұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бірбаев Бекболат Ибрайұлы сөз сөйлеп, Алғыс хаттар табыстады.

Маусымда «Отанды қорғау-абыройлы борыш» тақырыбында шара өтті. Шараға аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бекболат Ыбырайұлы Бірбаев, Ауған соғысының ардагері Берік Қасымханұлы, Таулы Қарабах соғысының ардагері Турдиев Бекболат Әбдірәсілұлы және ауданда әскери борышын өтеп жүрген азаматтар қатысты.

Аудандағы зейнеткерлердің басын құрайтын аудан елді мекендерінде 20 зейнеткер-ардагерлердің бастауыш ұйымдары жыл сайын есеп беру жиналыстарын өткізеді. Ауылдық әкімдіктер, мектеп дирекцияларының сан алуан жұмыстарына қолғабыс тигізіп жүрген бұқаралық ұйымның беделдісі де осы ұйымдар екені анық.

Ұйым төрағалары ауылдың ең құрметті де беделді азаматтарымен толығуда. Ауылдың санқилы тауқыметін жоғарғы органдарға, депутаттарға осы ұйым бас-

шылары арқылы жеткізіп жүреді. Ардагерлердің белсенділігі үнемі елді бірлікке, татулыққа шақырып отырады.

Ауыл ажарын ашу, көше комитеттерінен бастап, көшенің тазалығын, көгалдандыру, көркейту, мал бадасын шығару, шөп шабыс науқанын, көктемгі егіс, күзгі орақ, мал қыстату мәселелерінің барлығына ардагерлер, ақсақалдар жоғары белсенділікпен қатысады. Сондықтан болар, ауыл әкімдері осындай мәселелердің бәріне ақсақалдардың көмегіне сүйенеді.

Ауданның 22 мектебінде ардагер ұстаздардың бастауыш ұйымы құрылған. Оның мақсаты-тәжірибесі мол ардагер ұстаздарды 30-40 жыл істеген өз мектептерінен қол үздірмеу, мектептің оқу тәрбие жоспарларын қолғабыс тигізу. Осы тұрғыда ардагер ұстаздар жас мұғалімдердің сабағына кіріп, тәрбие жоспарларын жасауға, сыныптан тыс тәрбие сағаттарына қатысып, тәрбиесі қиын балалардың ата-анасына ықпал етуге, жетім, жартылай жетім, көп балалы отбасыларына қор құрып, ақша жинап, форма, оқу құралдарын алып беруге көмектесуде.

Ауданда ақсақалдар, әжелер, әйелдер, аналар, жастар кеңестері жұмыс жасайды. Аудандық ардагерлер кеңесінің ұсынысының негізінде елді мекендерден жігіт ағалары сайланды. Ауруханаларда «ардагерлер бөлмесі» жабықталған.

Аудандағы ардагерлер кеңесі алдағы уақытта да жоспарға сай жұмыстар атқаратын болады.

**Б.БІРБАЕВ,**  
Райымбек аудандық ардагерлер алқасының төрағасы.

### ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

#### Қазақстандықтар тамыз айында қанша күн демалады

Қазақстандықтардың 2024 жылдың тамыз айында қанша күн демалатыны белгілі болды. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.



Тамыз айында мемлекеттік мерекелерден 30 тамыз-Конституция күні тойланады. 2024 жылы 30 тамыз жұма күніне сәйкес келеді.

2024 жылы Конституция күніне арналған демалыс күндері:  
- бес күндік жұмыс аптасы үшін 30, 31 тамыз және 1 қыркүйек демалыс күндері;  
- алты күндік жұмыс аптасы үшін 30 тамыз демалыс күні, 31 тамыз жұмыс күні, 1 қыркүйек демалыс күні.

#### Проезд в Тургенское ущелье закрыли на неопределённый срок

Проезд в Тургенское ущелье закрыли на неопределённый срок, сообщили в администрации Иле-Алатауского национального природного парка.

Ограничение ввели из-за угрозы схода селей. Поток может образоваться с моренных озёр в бассейне реки Тургень. Данный текст скопирован с сайта Informburo.kz



«До особого распоряжения ограничен проезд через экологический пост Тургенского филиала парка для авто, отдыхающих и туристов на селеопасные участки. Проезд разрешён только заинтересованным государственным службам», – проинформировали в нацпарке.

#### Полиция жұмысына кедергі келтіргендерге айыппұл салынады

ІМ мәліметінше, кейінгі кездері БАҚ пен әлеуметтік желілерде полиция қызметкерлеріне жедел-профилактикалық іс-шаралардың өткізілуі туралы құжаттарды талап етіп, олардың жұмысына кедергі келтіру сәттері бейнеленген видеолар жарияланып жатыр. Осыған байланысты ведомство өкілдері жүргізушілерге үндеу жасады, деп хабарлайды Polisia.kz ақпараттық медиа-порталы.



ІМ әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Қайсар Сұлтанбаевтың айтуынша, «Жол жүрісі туралы» заңда және Жол жүрісі

қағидаларында көлік құралын тоқтату кезінде полиция қызметкерлері мен жүргізушілердің іс-қимылының нақты тәртібі айқындалған. Көлікті тоқтату кезінде полиция қызметкері өзін таныстырып, қызметтік куәлігін көрсетіп, тоқтату себебін түсіндіруі қажет. «Жүргізуші өз кезегінде ішкі істер органдары қызметкерінің заңды талаптарын орындауға міндетті. Ал полиция қызметкері жедел-профилактикалық іс-шараның өткізіліп жатқанын растайтын құжаттарды көрсетуге міндетті емес. Полиция қызметкерінің заңды талаптарын орындамау, қызметтік міндеттерін атқару кезінде оның жұмысына кедергі келтіру 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу немесе 15 тәулікке дейін қамауға алу түріндегі әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады», – деді ІМ әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Қайсар Сұлтанбаев.



есі, ұлттық дәстүрді жаңғырту, мемлекетті дамыту жолында жастардың белсенділігін арттыру мақсатында 9 сәуір күні облыстық ардагерлер кеңесінің жанынан «Алатау жастары» жастар ұйымы құрылған

алдындағы әскери борышын өтеу міндеті осынау апатты аймаққа тап келген ардагерлерімізбен бүгін аудан әкімі Дүйсенбаев Берік Фатықұлының дәстүрлі кездесуі өтті. Кездесуде Чернобыль ар-

### БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:

**ЕСІМДЕРІ ЕЛ ЕСІНДЕ**

2-бет

**ДЕСАНТНИКИ ОТМЕТИЛИ ПРАЗДНИК**

2-бет

**АРДАГЕРЛЕР ҚОСҚАН ҮЛЕС МОЛ**

3-бет

**АЙЫБЫННЫҢ АБЫРОЙЫ**

4-бет

Ерлік ұмытылмайды

# ЕСІМДЕРІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Ел басына нәубет келген кешегі отты жылдарда біздің ауылдан да талай боздақтар майдан даласына кетіп, солардың кейбіреулеріне туған жер топырағын басу бұйырмай, оралмай қалғаны анық. Араға жылдар салса да олардың тағдыр жолдары кейінгі ұрпаққа ұран, үлгі-өнеге болып, олардың тұлғалары биіктеп келе жатқанын мойындауымыз керек. Аға ұрпақтың ерлікке толы жолдары болмаса бүгінгі жарқын өмірді көре алар ма едік, жоқ па, жауабы қиындау сұрақ екені даусыз. Бүгін сол аға-әкелеріміздің бір-екеуінің өмір жолдарына тоқталғымыз келіп отыр.

Жақсылықов Шыныбек Көшербайұлы (майданда Бек деп атаған екен) 1917 жылы Еңбекшіқазақ ауданы (қазіргі Талғар ауданы), Белбұлақ ауылында дүниеге келген. Әкесі Көшербай-өз заманының бай-бағыланы болған кісі. Шыныбек Көшербайұлының өмірлік жолы Қазан төңкерісі, Азаматтық соғыс, КСРО-ның құрылуы, ауыл шаруашылығының ұжымдастырылуы, Сталиннің байларды қудалау, мүлкін тәркілеу, репрессия саясаты, Ұлы Отан соғысы, тың игеру, кеңес өкіметінің құлдырауы, Қазақ елінің тәуелсіздігі сияқты тарихи кезеңдермен байланысты болған. Шынықұл деген ағасы болған. Әпкесі Қызжан осы ауылдың қарапайым тұрғыны Құралбай деген кісіге ұзатылып, отбасын құрды.

Сталиндік репрессия саясатының құрбаны болған Көшербай атаның отбасы қамауға алынып, түн жамылып абақтыға айдалған кезде, Шыныбек атаның әпкесі Қызжан бауырларымды құтқарып қаламын деген ниетпен атқа мініп, жақындарының Алматыдағы қай түрмеге қамалғанын білу үшін оларды алып кеткен әскерді сырттай бақылайды. Артынан ауылға келіп, Шыныбек менің балам деген құжат жасатып (Жақсылықов Бек), атамызды абақтыдан алып шығады, бауырына басып өсіреді, жетілдіреді. Сол сұрапыл саясатта Шыныбек атамыздың әкесі де, анасы да Алатаудың бөктерінде атылып кеткен екен...

Өсіп жетілген Шыныбек 1936 жылы Калинин атындағы (қазіргі Тұздыбастау) колхозға мүше болды. 1938 жылы Қызыл әскер қатары-

на шақырылды. 1941 жылдың маусымында әскерден қайтарылуы керек болған, бірақ, Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, соғысты Белорусияның Брест қаласында қарсы алды.

1941 жылдың 25-ші қыркүйегінде аяусыз қантөгісте жараланған. Ұзақ әрі қажырлы түрде емделіп, 1942 жылы Қызыл әскер қатарында қайтадан сап түзеп, Отан үшін фашистермен соғысуды 117 атқыштар дивизиясының 275 атқыштар полкында жалғастырады. Соғыс жылдары көрсеткен ерлігі мен тапқырлығының арқасында туған ауылына қысқа мерзімді демалысқа жіберілген. Сол демалыс кезінде Алматыда, болашақ жары, журналист Нұрила деген қызбен танысады. 1944 жылдың 28-ші тамызында соғыс алаңында тағы да жарақаттанып, контузия алған. Жарақатын емдеп қайтадан сапка тұрды. «Ерлігі үшін» медалімен, II дәрежелі Отан соғысы орденімен және Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған.

Берлинде соғысты аяқтаған, бірақ, бөлім қолбасшысының бұйрығымен оны қаланың комендатурасында дұшпандардың арандатушылығынан қорғап, бәрін ретке келтіру үшін қалдырған. Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін алты үкімет марапатын алған, сондай-ақ, бұйрық бойынша Жоғары Қолбасшы Сталин 10 рет, әскери бөлім қолбасшысы 12 рет алғыс жариялаған.

Соғыстан кейінгі жылдарда ұзақ уақыт жақын араласып, отбасылық дос болған атамыздың қарулас досы, Зырянның тұрғыны, капитан Боль-

шаков келесідей естелікпен бөліскен еді:

«Бек, а ты помнишь под Варшавой на хуторе как ты всю батарею накормил, напоил и в баню сводил...» деп, әңгімесін ары қарай жалғастырды: «Представляешь, мы с большими потерями освободили Польшу от фашистов и вот нас разместили на хуторе под Варшавой на короткий отдых. Встретили хуторяне нас не совсем гостеприимно, ни еды, ни бани, воду не выпросишь, хотя пайки у нас были, но все же хотелось домашней горячей еды. И вот Бек подзывает хозяйку избы и говорит ей: А давай я тебе погадаю... Собрал 41 камушек, растелил полотенце и раскинул на нем



свои камушки и говорит хозяйка «Завтра твой муж вернется», а она только ухмыльнулась, а наутро вся сияющая, подзывает Бека к накрытому столу, муженек то ее в аккурат приоблы наутро, и тут началось... все хуторяне рванули гадать, кто яиц, кто хлеба, кто баню натопил, вот так батарея отдохнула перед следующими боями. Видимо Аллах нам тогда помог, и с его помощью так случилось, что муж ее вернулся на следующий день. Шум поднялся в том селе, народ повалил, в надежде, что кумалаки расскажут хорошие новости об их родных и близких. Так мы накормили целый взвод». 1946 жылдың ақпанында әскерден

қайтарылған. Үйде оны мамандығы педагог, Мұхтар Әуезовтің шәкірті, қалыңдығы Омарова Нұриле күтіп отырған болатын. Екеуі бірігіп, туған қолхозын қалпына келтіріп, өркендету жұмыстарына белсене қатысады. Білім керек болған соң, ол қолхоздың жіберуімен селхозтехникумда «агрономия» мамандығы бойынша оқуын бастайды, кейін оқуды зооветеринар институтында жалғастырып, оны сәтті тәмамдайды. Бригадирден бастап басшылық қызметке дейін қай бөлімде жұмыс істесе де, соғыста алған жарақаты мазалағанына қарамастан, өзіне қанша ауыр соқса да, адамдарды төзімді, еңбекқор болуға үйретіп, оларға өзінің энергиясымен күш беріп отырған.

МТФ меңгерушісі болып жұмыс істеген кезінде және соңғы жылдары зоотехник-генетик қызметін атқарған-

жатты. Жарақаты ауыр болғанан кейін әскерден демобилизацияландырылған. Әскерден кейін ауылға келіп, әр түрлі жұмыс істеген. Еңбекпен кәзге түскеннен кейін «Калинин» қолхозының бірінші бригадасын басқарады.

Ол кісі өз бригадасымен тал, алма ағашын, жүзім егіп, ауылдың атағын шығарады. Олар атакты Алматының аппортын, титовка екті. Сол кезде «Станбактың бағы» деп аталатын ол бригада.

Жұбайы Батимамен үш ұл, төрт қыз өсіріп, тәрбиеледі.

Станбак Күшікбайұлы 1971 жылдың 18-ші мамырында қырық тоғыз жасында дүниеден озды.

Ауыл ардагерінің тағы бірі-Тәліп Алдабергнұлы. Ол кісі 1892 жылы Түркістан облысы Созақ ауданының Шу ауылында дүниеге келген.

Кейін Іле ауданының Шелекемір ауылында өмір сүріп, еңбек еткен. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Сол жылы желтоқсан айында фашистермен шайқасуға Отанымызды қорғауға соғысқа аттанды. 937 дивизияның құрамында советтік Заполярияны қорғады.

Беларусия, Польшада шайқасты, одан ары Германияда, Эльбаға дейін неміс фашистерін қуып барды.

1945 жылы Совет елі жеңіске жетіп, июль айында Тәліп Алдабергнұлы елге қайтып келді. Соғысты басынан аяғына дейін қатысқан ол «За отвагу», «За оборону Советского Заполярия», «За Победу над Германией», «30 лет Победы», «40 лет Победы» медальдарымен және «Ұлы Отан соғысының» I дәрежелі орденімен марапатталды.

1970 жылдан бастап Калинин атындағы қолхозда өмір сүрді. 1986 жылы 14 қазанда Тәліп Алдабергнұлы атамыз 94 жасында дүниеден өтті.

Қанды қырғынды көрген аға ұрпақ өкілдерінің ерлік жолдары мен бейбіт өмірдегі өнегелі істерін халық ұмытпайды.

**Ауған ҚЫПШАҚОВ,**  
Алатау ардагерлері кеңесінің, Алаш билері кеңесінің мүшесі, Тұздыбастау ауыл ақсақалдары кеңесі төрағасының орынбасары. Талғар ауданы.

К Дню столицы

# ДЕСАНТНИКИ ОТМЕТИЛИ ПРАЗДНИКИ

6 июля 2024 года в войсковой части 32363 состоялись торжественные мероприятия по случаю празднования Дня столицы Республики Казахстан города Астана и 24-й годовщины Десантно-штурмовых войск.

Именно в этот день в 2000 году Указом Президента страны в Вооруженных Силах Республики Казахстан были созданы Мобильные силы, которые в дальнейшем реформированы в Аэромобильные войска, а с 2017 года обрели современную структуру и преобразованы в Десантно-штурмовые войска.

Гостями мероприятия стали воины-афганцы, ветераны боевых конфликтов на Таджикско-Афганской границе, ветераны ВС РК, жители Алматинской области и города Қонаев. На плацу части был построен личный состав, ощущалась праздничная атмосфера. После поднятия Государственного Флага и исполнения Государственного Гимна Республики Казахстан митинг открыл командир части гвардии полковник Аманқалиев Бейбит Буркитбаевич. Он поздравил личный состав с праздником, поблагодарил за службу, а также передал слова поздравления от



Министерства обороны и командования Десантно-штурмовых войск. Также поздравил с праздником гостей, поблагодарил за службу присутствующих ветеранов.

Министерства обороны и командования Десантно-штурмовых войск. Также поздравил с праздником гостей, поблагодарил за службу присутствующих ветеранов. Также прозвучали слова благодарности и напутствия в выступлениях заместителя председателя Общественного Объединения «Ветераны Вооруженных Сил Республики Казахстан» по Алматинской области полковник запаса Акқалиев Батырхан Жардемөвич поздравил присутствующих с праздником и от имени

Министерства обороны РК вручил ветеранам-десантникам юбилейные медали к 100-летию первого Министра обороны Республики Казахстан, генерала армии, Героя Советского Союза, Халық Қаһарманы Сағадата Нурмағамбетова за военно-патриотическую работу с молодежью Алматинской области и города Қонаев - гвардии подполковнику запаса Волокитину К.В., гвардии старшему прапорщику запаса Сарсенбаеву С.С., гвардии старшему сержанту Нуржигитовой Б.А. Ветеран ВС РК подполковник медицинской службы запаса Федоров Станислав Анатольевич поздравил собравшихся с праздниками и прочитал стихи собственного сочинения, посвященные Дню Десантно-штурмовых войск, а также подарил командованию и музею части, воинам-десантникам и ветеранам памятные открытки.

Далее прошло награждение отличившихся по службе военнослужащих от имени командования части. В формате праздничных мероприятий бойцы-десантники продемонстрировали приемы рукопашного боя и элементы атаки. Вниманию гостей предложен показ стрелкового и группового оружия, специального десантного снаряжения и средств связи.

Далее состоялся праздничный концерт, организованный пред-



ставителями художественной самодеятельности войсковой части 32363.

Было организовано памятное фотографирование проведенных мероприятий.

**День Десантно - штурмовых войск**

Взлетает в небо самолёт,  
Сверкая в солнечных лучах.  
Всё чередом своим идёт  
В Десантно-штурмовых войсках.  
Вот парашютного купола  
Плывут, купаясь в синеве,  
Чтобы спокойною была  
Жизнь казахстанцев на земле.  
Тельняшки, мокрые от пота,

Для вас преград на свете нет!  
Вперёд, крылатая пехота!  
Всё сможет голубой берет!  
Не зря элитой вас считают  
В рядах защитников страны.  
И с детства многие мечтают  
Служить в десанте пацаны.

С Днём ДШВ, чтит Казахстан своих сынов! Здоровья, счастья вам, пусть светит солнце ярко! И полным купол будет, небо мирное без облаков, а приземленье - будет мягким!

**Станислав ФЕДОРОВ,**  
подполковник медицинской службы запаса, ветеран ВС РК  
г. Қонаев



